

Мұнайдың ренталық төлемдерінің ставкаларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 12 мамырдағы N 379 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 наурыздағы N 258 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Кесімді ренталық төлемдер туралы" 1991 жылғы 24 желтоқсандағы N 1057 Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1

ЕСКЕРТУ. 1-тармақтың күші жойылды - ҚРМК-нің 1993.08.05. N 678 қаулысымен.

2. "Ақтөбемұнай", "Ембімұнай", "Оңтүстікқазмұнай" өндіріс бірлестіктері және "Қаражанбастермұнай" тәжірибе-эксперименттік мұнайгаз өндіру басқармасы 1993 жылғы 1 ақпаннан бастап мұнайгаз өндіру басқармасы 1993 жылғы 1 ақпаннан бастап ренталық төлемдерді Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Энергия көздерінің және өнімдер мен көрсетілетін қызметтердің басқа да түрлерінің бағасын мемлекеттік реттеу туралы" 1992 жылғы 30 қазандағы N 905 қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ, 1992 ж., N 41, 613-бап) бекітілген ставкалар бойынша төлейді деп белгіленсін.

1993 жылғы 1 ақпаннан бастап аталып өткен кәсіпорындар екі еселенген орташа салааралық рентабельділік деңгейін қамтамасыз ете алмаушылар ретінде ренталық төлемдерді өтеуден босатылады.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі